

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2016

УДК 61 (07)

Г. С. Жұмабекова, Г. Н. Әжіметова, Ю. Л. Ганжула

№2 ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ КІДІРІССІЗ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚӨМЕК КАФЕДРАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРИ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті №2 Жедел және кідіріссіз медициналық қөмек кафедрасы

Берілген мақалада «№2 Жедел және кідіріссіз медициналық қөмек» кафедрасында «Жедел кідіріссіз медициналық қөмек» пәні бойынша «Жалпы медицина» мамандығының 5 курс студенттерімен жаңартпашылық оқыту әдістерін қолдану қаралады. Командалық жұмыс дағдыларының менгерлігі үшін семинарлық сабактар сұрақ – жауп сайысы ретінде өткізілді. Берілген оқыту әдісін тәжірибеге енгізу анализі бойынша студенттер оң пікірлерін білдіріп, семинарлық сабактардың өткізуі барысында берілген материалдың жақсы менгерлетінін және қыбылданатынын атап етті.

Кілт сөздер: белсенді оқыту әдістері, ақпаратты-байланыстық технологиялар, сұрақ-жауп сайысы, шұғыл қөмек

Ақпаратты-байланыстық технологиялар құралдарын қолдана отырып оқу үдерісін ағымдық және топтық ұйымдастыру мен жеке бағдарлы оқытуды үйлестіру қазіргі оқу саясатының негізгі стратегиясы болып табылады. Мамандарды дайындаудың тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды негізгі мақсатқа ала отырып оқу жүйесін жетілдіру оқу үдерісін ұйымдастыру құралдары мен жаңа әдістерді енгізуі талап етеді [1,2].

Қазіргі оқытушының өз алдына қоятын негізгі мақсаттары келесілер: интерактивті тәртіpte оқыту; оқып жүрген пәнге қызығушылықтарын арттыру; оқу үрдісін күнделікті тәжірибеле қарап үйлестіру, нақтырақ айтқанда: коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру, өмірдің әр түрлі жағдайларына дағдылану, психологиялық сабырлылықты жоғарылату, келіспеушіліктерді бірынғайлау дағдыларына үйрету және т.б.

Белсенді әдістерді қолдану мақсаттылығы тәжірибелік психологияның деректерімен сәйкес келеді, соған байланысты естілген материалдың 10%, көзben көрген материалдың 50% және оқушылардың өздері жасағандарының 90% менгерледі. Қазіргі кезде студенттерді оқытуудың әр түрлі әдістері өте көп. Олардың ішінде CBL, TBL, PBL сияқты белсенді оқу әдістеріне [5] ерекше көніл бөлінеді.

Олар студенттердің дағдылары және білімділігін, кәсіби білімді бекіту және құрастыру үшін жағдай жасайды, келешек маманның кәсіби сапасын дамытууды жетілдіреді. Оқу ұйымдарының инновациялық формаларын, әдістерді және құралдарын қолдану жағдайлары студенттерді, нақты шығармашылық әрекетке тартады, бұл оларды тек жаңалығымен тартпайды, бірақ олардың

өзіндік жұмысы үдерісінде туатын мәселелерді байқау қажеттіліктерін дамытады және қайшылықтарды шешеді [3,4].

Сонымен, жаңа сапалы оқыту жүйесінің негізгі міндетті студенттердің төзімді мұддесінің жетістігіне оқылатын пәнге, оқытуудың бірінші курсынан өзіндік білім алуға, сондай -ақ ғылыми ізденістерге талпынуға түйіледі.

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде оқытуудың TBL, CBL, PBL белсенді әдістері кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде оқытуудың түрі RBL ендіріле бастады, яғни ғылыми-бағытталған оқыту. Осы барлық әдістердің арасында TBL – командалық бағытталған оқыту кеңінен қолданылған, себебі өзара әрекеттесу сферасында жұмыс істейтін барлық маман үшін басқа адамдармен командада жұмыс істей білу өте маңызды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

№2 Жедел және кідіріссіз медициналық қөмек кафедрасында да осы белсенді әдістерді жиі қолдануға тырысамыз. Студенттермен командалық жұмыс дағдысын дамыту үшін сонымен қоса «Сұрақ-жауп сайысы» түрінде ойын жүргіземіз.

Сұрақ-жауп сайысы – студенттердің командалық жұмысының көптүрлі әдістерінің бірі. Сабакты өткізуінде берілген формасы оқу үдерісіне жарыс сипатын береді, командалық жұмысы дағдыларын дамытуға, шешендей сөйлеуге, сондай-ақ әрбір қатысушының жеке жаупкершілігіне жәрдемдеседі.

Сұрақ-жауп сайысына дайындық оқытушының хабарлауымен басталады, кезекті семинарлық сабак саулалдама түрінде өткізіледі. Сабак басында оқытушы 7-10 адам санынан кездейсоқ іріктеу әдісімен студенттерді екі командаға бөледі. Команда құрамы бірдей болуы тиіс. Сұрақ-жауп

Медицинское и фармацевтическое образование

сайысына дайындалу барысында студенттер осы бөлім дәрісі материалдарын оқуы және негізгі және қосымша әдебиеттерімен танысуы керек, ол үшін студенттер әртүрлі әдебиеттерді, интернет ресурстарын және басқа материалдарын пайдалана алады.

Талқылауға арналған тақырыптар қындықтары және бағыттары бойынша бірдей, бірақ тақырыбы бойынша әртүрлі болуы қажет. Мысалы, тұншығу және тоқ жарақаты (төтенше жағдайлары бойынша тақырыптар); жабық бас ми жарақаты және жаралар (жарақат нәтижесінде дамыған кідіріссіз жағдайлар бойынша тақырыптар) және т.б.

Сұрақтарды тандау кезінде олардың санын және сапасын назарға ұстау қажет. 10-20 сұрақты дайындауға 30 дан 40 минутқа дейін уақыт беріледі. Сапасы мен саны жағынан бірдей, саны барлық студенттерге өзінің белсенділігін және білімін көрсетуге мүмкіндік беруі қажет.

Команда құрамының әрбір мүшесі жетекші рөлдерді кезекпен өзіне алуын оқытушы қадағалайды. Берілген жағдайда оқытушы сұрақтарды дайындау кезіндегі команда жұмыстарын бағыттап отыруши фасилитатор және талас сұрақтар және дұрыс құрылмаған сұрақтар пайда болған кезде арбитр рөлін орындауды.

Сұрақтарды дайындаған соң сауалдаманың басталуы хабарланады. Командалар кезекпен бірі біріне сұрақтарды қоюды бастайды. Сұрақты талдау үшін бір минут беріледі, қарсыластар уақытымен талдап берілген сұраққа гаджеттер, кітаптар мен басқа да материалдарды қолданбай жауап табуы тиіс. Алынған жауап толық немесе толық емес (ішінара) болып бағаланады және 0 ден 5 балға дейін марафатталады.

Сайыс аяқталғаннан кейін сұрақтың, жауаптың дұрыстылығы талқыланады, әрбір даулы сұрақтар бойынша команда қатарынан апелляция жүргізіледі. Сайыс қорытынды шығарумен және женімпаздарды анықтаумен аяқталады.

Студенттердің пікірін анықтау мақсатында атальған әдіс бойынша өткізілген сабакқа кері байланыс анкетасы құрастырылды. Ол жерде студенттер сабак барысы ұнады немесе ұнамады деп жауап жазады.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Сұрақ-жауап сайысына қатысқан студенттердің сауалнамасы кезінде 100% студенттер материалдарды тез менгергендігін

көрсетті, 93% – командамен жұмыс істеу дағдысына ие болғанын, 90% –өздерінің күштеріне сенімділік танытқанын, 95% – көшбасылық қасиеттердің пайда болғанын атап өтті.

Сабакты өткізуіндегі атальған формасын қолданылуы, практикада көрінгендей, студенттердің жүйесінің жүгін түсіріп, олардың әрекет формасын ауыстыруға, сабак тақырыбының түйінді сұрақтарына назар аударуына мүмкіндік берді. Ұйымдастырылған танымдық үдеріс практикада студенттерге мәселелерді қалай шешуге, курсастарына өзінің білімін қалай жеткізуге, ақырында алдында менгергенімен жаңа ақпаратты біркітре қалай байланыстыруды көрсетті. Білім алушылар бір бірлерін жеке тұлға ретінде, сондай – ақ кәсіби деңгейде жақын тануға мүмкіндік алды.

Осындай ойын түрі өздеріне мән бермейтін кейір «ұсақ түйек» түсінігінің жарықта шығуна көмектесті, мысалы кейір дәрілердің мөлшері олардың басқа препараттармен өзара әрекеті; кейір патологиялық жағдайлардың даму патогенезі және т.б.

ӘДЕБИЕТ

1 Дороничев Д. Д. Активные методы и средства обучения, применяемые при изучении дисциплины «военно-техническая подготовка» //Матер. конф. «Иновационные методы обучения в высшей школе: проектно-ориентированный, проблемный, поисковый и другие методы». – Нижний Новгород, 2014. – С. 9-12.

2 Симоненко Н. Н. Управление образовательными услугами с применением инновационных методов обучения //Вестн. Тихоокеанского государственного университета. – 2012. – №2. – С. 201-206.

3 Черкасов М. Н. Инновационные методы обучения студентов //Матер. XIV междунар. науч.-практ. конф. «Инновации в науке». – Новосибирск, 2012. – С. 124.

4 Allen R. E. Team-based learning in US colleges and schools of pharmacy /R. E. Allen, J. Copeland, A. S. Franks //Amer. J. Pharm. Educ. – 2013. – V. 77(6). – Article 115.

5 Persky A. M. A modified team-based learning physiology course /A. M. Persky, G. M. Pollack //Amer. J. Pharm. Educ. – 2011. – 75(10). – Article 204.

REFERENCES

1 Doronichev D. D. Active learning methods used in the study of discipline «Military-technical training» //Proceedings of the conf.

Медицинское и фармацевтическое образование

«Innovative methods of teaching in higher education: project-oriented, problem, search and other methods». – Nizhni Novgorod, 2014. – Pp. 9-12. (in Russian)

2 Simonenko N. N. Management of educational services with the use of innovative teaching methods //Herald of Pacific State University. – 2012. – No. 2. – Pp. 201-206. (in Russian)

3 Cherkasov M. N. Innovative methods of teaching of students //Proceedings of the XIV intern. scientific-practical. conf. «Innovations in

science». – Novosibirsk, 2012. – P. 124. (in Russian)

4 Allen R. E. Team-based learning in US colleges and schools of pharmacy /R. E. Allen, J. Copeland, A. S. Franks //Amer. J. Pharm. Educ. – 2013. – V. 77(6). – Article 115.

5 Persky A. M. A modified team-based learning physiology course /A. M. Persky, G. M. Pollack //Amer. J. Pharm. Educ. – 2011. – 75(10). – Article 204.

Поступила 15.03.2016 г.

G. S. Zhumabekova, G. N. Azhimetova, Yu. L. Ganzhula

ACTIVE METHODS OF TEACHING ON THE DEPARTMENT OF EMERGENCY AND IMMEDIATE HELP №2 OF KARAGANDA STATE MEDICAL UNIVERSITY

Department of emergency and immediate help №2 of Karaganda state medical university

In the given article practice of innovative methods of teaching on «Emergency and immediate help №2» department of the 5th course students of "General medicine" specialization on "Emergency and immediate care" discipline is considered. To achieve skills and habits of working in team the discussion sessions were in the form of Quiz. Conducted analysis of implementation of the given method of teaching in practice showed favorable report by the side of students, that mentioned better perception and digestion of the given information resulting from organized discussion sessions by given method.

Key words: active methods of teaching, informative-communicative technologies, quiz, rescue emergency care

Г. С. Жумабекова, Г. Н. Ажиметова, Ю. Л. Ганжула

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА КАФЕДРЕ СКОРОЙ И НЕОТЛОЖНОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ №2 КАРАГАНДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

Кафедра скорой и неотложной медицинской помощи №2 Карагандинского государственного медицинского университета

В статье рассматривается применение инновационных методов обучения на кафедре скорой и неотложной медицинской помощи №2 Карагандинского государственного медицинского университета у студентов 5 курса специальности «Общая медицина» по дисциплине «Скорая неотложная медицинская помощь». Для освоения навыка работы в команде семинарские занятия проводились в виде викторины. Анализ внедрения данного метода обучения в практику показал положительный отзыв со стороны студентов, которые отметили лучшее восприятие и усвоение полученного материала в результате проведенного семинарского занятия по данному методу.

Ключевые слова: активные методы обучения, информационно-коммуникационные технологии, викторина, неотложная помощь